



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қаңтар 2023


2023 жылдың қаңтар айындағы инфляция 1,1% деңгейінде қалыптасты. Жылдық мәнде бағаның өсуі 20,7%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік тауарларының арасында нан-тоқаш өнімдері мен жармаға, соның ішінде Ресей тарапынан туындаған сұраныстың артуына байланысты күріш бағасы үздіксіз өсті. Еліміздің оңтүстік аймақтарында күн салқындап, егіннің бір бөлігі күйрегендіктен көкөніс те қымбаттай түсті.

Инфляцияның азық-түлік емес компонентінде белгілі бір тауарларға сұраныс тұтынушылық және ипотекалық несиелеудің өсуімен қамтамасыз етіледі. Импорттың жоғары үлесі бар тауарлар да қымбаттап отыр. Тасымал тарифі өскендіктен көмірдің бағасы шарықтады. Сұраныстың артып, қосалқы бөлшектер қымбаттағандықтан автомобильдердің де құны өсті. Ақылы қызметтер құрылымында интернет үшін абоненттік төлем, сондай-ақ автомобиль мен теміржолда жол жүру ақысы өсті.

2023 жылдың қаңтар айындағы айлық инфляция 1,1%-ды құрап, тұтыну тауарлары мен қызмет бағасының жылдық өсуі 20,7%-ға дейін қарқын алды (2022 жылғы желтоқсанда – 20,3%).

Айлық маусымдық тазартылған инфляция баяулау үрдісін жалғастырып келеді, оның өсімі 2023 жылғы қаңтарда 1%-ды құрады. Сонымен қатар, өсу қарқыны әлі де мақсатты деңгейден жоғары қалыптасып отыр. Маусымдық бағаның өсуі әдетте қыс мезгілінде өсетін тауарларға, атап айтқанда, қатты отынға, жаңа піскен көкөністер мен жеміс-жидекке әсер етті.

График 1. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әр түрлі әдістермен есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляция¹, орташа баяулайды, бірақ жоғары деңгейде қалыптасуын жалғастырады. Бұл экономикадағы ұзаққа созылған жоғары инфляциялық фонның сақталуын көрсетеді.

¹ Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты

График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері, а/а




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2023 жылғы қаңтарда **азық-түлік тауарларының** жылдық инфляциясы ж/ж 25,7%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы желтоқсанда – 25,3%). Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы да тез өсті. Ресей тарапынан жоғары сұраныс пайда болып, күріштің (ж/ж) 39,6%-ға қымбаттағаны сезілді. 2022 жылдың қаңтар-қараша айларының қорытындысы бойынша, Ресейде осы дақылдың нашар өніміне байланысты Ресейге жөнелтілген күріш экспорты 60,6%-ға (ж/ж) өсті.

Сүт өнімдерінің бағасы да жоғарылағаны байқалады. Елдің оңтүстік аймақтарындағы төмен температура мен егіннің бір бөлігі жоғалғандықтан жаңа піскен көкөністер 2022 жылдың қазан айында 7,1%-дан 2023 жылдың қаңтарында 21%-ға дейін, атап айтқанда, қияр (22,3%-дан 55,6%-ға дейін) және пияз (13,6%-дан 62,4%-ға дейін) айтарлықтай қымбаттады. 1-санаттағы жұмыртқа бағасын субсидиялау тоқтатылғаннан кейін бағаның жылдық өсу қарқыны 2022 жылғы тамыздағы 7,9%-дан 2023 жылғы қаңтарда 25,8%-ға дейін жеделдеді. Ішкі қант өндірісінің айтарлықтай өсуіне байланысты бесінші ай қатарынан арзандап келеді.

График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.

2023 жылғы қаңтарда өсімдік майы мен еттің ішкі және сыртқы бағалары арасында айырмашылық көп болғаны байқалды. Негізгі факторлар – шығындардың көбеюіне байланысты ішкі бағалардың өсуі, май өнімдеріне әлемдік сұраныстың төмендеуі, сиыр мен құс етіне экспорттық ұсыныс аясында сыртқы бағалардың төмендеуі болды.

Қант нарығында 2022 жылғы қаңтар-қараша аралығында өндірістің (ж/ж) 52,9%-ға өсуі жағдайында ішкі бағалар төмендеп, әлемдік бағалардың салыстырмалы тұрақтылығы себебінен әлемдік және ішкі бағалар арасындағы алшақтықтың біртіндеп қысқарғаны байқалады.

Ұнның ішкі бағалары мен дәнді дақылдардың әлемдік бағалары арасындағы алшақтық ең төменгі мәндерге дейін қысқарды, сонымен бірге, шығындар мен инфляциялық күтулердің өсуінен нан-тоқаш өнімдері мен жарманың ішкі бағасы қалыпты өсуін жалғастырды.

График 4. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні²




Ақпарат көзі: ҚР СЖРАҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі 2023 жылғы қаңтарда 20,2%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы желтоқсанда – 19,4%). Азық-түлікке жатпайтын бірқатар тауарға бағаның өсуі ипотекалық және тұтынушылық несиелеу өсімінің жоғары қарқыны жағдайында халықтың сұранысымен қамтамасыз етіледі. Импорттық үлесі жоғары

² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

тауарлар тобында аяқ киім мен киімнің (18,2%), үй тоқыма бұйымдарының (16,4%), жуу және тазалық құралдарының (51,5%), құрылыс материалдарының (25,7%) және дәрі-дәрмектің (15,6%) қымбаттағаны байқалды. Сонымен қатар, Ресей нарығынан негізгі өндірушілердің кетуіне және логистикалық жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты Ресейден орындалатын жеткізілімдердің саны қысқарып, бір жылдан астам уақыт бойы жеке тауарлардың бағасы өсуін жеделдетті. Тасымал тарифтері өскен соң көмір қымбаттады. Сұраныс артып, қосалқы бөлшектер қымбаттағандықтан автомобильдердің де құны өсті.


График 5. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын жылдық инфляцияға қосқан үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Халық тұтынатын ақылы қызметтердің инфляциясы 2023 жылғы қаңтарда 14,2%-ға дейін аздап қарқын алды (2022 жылғы желтоқсанда – 14,1%). Өндіріс құралдары мен аралық материалдар қымбаттаған тұста амбулаториялық қызметтер мен мәдениет және демалыс саласындағы қызметтердің бағасы өсуін тоқтатқан жоқ. Интернеттің абоненттік төлемі де өсті. Коммуналдық реттелетін қызметтердің бөлінісінде Шымкент қаласында орталықтандырылған жылудың тарифтері көтерілді. Теміржолда жол ақысы (ж/ж) 24,7%-ға, таксиде 12,2%-ға өсті.

График 6. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қосқан қызметтердің үлесі




- Өндіріс құралдарының бағасы айтарлықтай өскендіктен өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы да тез шарықтады, дегенмен, азық-түлік өндірушілерінің инфляциясы баяулағаны байқалады.
- Қорлардың жеткілікті болуына байланысты бидай бағасы баяу өскендіктен ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы да өсу тұрғысынан баяулады.

Өндіріс құралдарының бағасы (ж/ж 16,8%-ға дейін) өсу тұрғысынан біршама қарқын алғандықтан 2023 жылғы қаңтарда өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің баға индексі ж/ж 11%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы желтоқсанда – 10,5%). Бұл ретте азық-түлік тауарларын өндірушілердің, оның ішінде ет, май және тоң май, қант, ұн-жарма және нан өнімдері нарығында бағаның өсуінде баяулау үрдісі байқалады. Соған қарамастан, сүт өнімдерін өндірушілердің бағасы өсу қарқынын тоқтатқан жоқ. Сонымен қатар, қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарының қымбаттауынан автомобиль құрастырушы кәсіпорындар бағаны тез өсіріп жатқаны байқалады.

Ауыл шаруашылығында өндірушілер бағасының өсуі 2023 жылғы қаңтарда 8,5%-ға дейін баяулады (2022 жылғы желтоқсанда – 9%). Өсімдік шаруашылығында қорлардың едәуір ұлғаюына байланысты бидай бағасы түсе бастады. Мал шаруашылығы өнімдерінің арасында жем-шөп пен электр қуатының қымбаттауына байланысты құстың тірілей салмақтағы еті мен сиырдың шикі сүтінің бағасы әлдеқайда тез өсті. Сондай-ақ, субсидиялау санатының өзгеруіне байланысты жұмыртқа бағасының күрт өскенін атап өткен жөн.

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 8. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

